

**Еліміздің экономикалық дамудың
жаңа сатысына көтерілуінің тікелей
жолы – ауыл шаруашылығы.**



**Аты-жөні: Далдабай
Бибіхан**

Тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде еліміз нарықтық экономиканы дамытуға барынша күшін салып келеді. Оған еліміздің алған жетістіктері, қарышты қадамдары, шыққан белестері дәлел. Экономиканың маңызды салаларының бірі – ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығы – өндірістің негізгі саласы, агроөнеркәсіптің жетекші саласы болып табылады.

Мен таңдаған тақырыптың өзектілігіне келетін болсақ, Ауылдағы жұртшылықтың тұрмыс-жағдайының жақсаруының, экономикалық белсенді халық қатарындағы ауыл халқы үлесінің артуының, пайданың, рентабельділіктің жоғарлауының, ұлттық байлық пен экспорттың көбеюінің, еліміздің экономикасы дамыған, бәсекеге қабілетті, индустрияланған елдердің қатарына қосылудың, бір сөзбен айтқанда еліміздің экономикалық дамудың жаңа сатысына көтерілуінің тікелей жолы – ауыл шаруашылығы, оны дамыту жолдары деп ойламын.

Жалпы ауыл шаруашылығы дүние жүзінің барлық аумақтарында таралған. Оның 50-ден астам салаларында 1,3 млрд адам еңбек етуде. Қазіргі кезде дүние жүзінде экономикалық белсенді халықтың 45%-ы ауыл шаруашылығымен айналысады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында ауыл шаруашылығы мәселелеріне де ерекше тоқталады. Мәселен, Елбасының 2012 жылғы «**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУ - ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ**» атты Қазақстан халқына жолдауына сәйкес Президент Үкіметке мынадай міндеттерді жүктеген болатын: «Мемлекетке астық саласын ұйымдастыру және біртұтас астық холдингін құру. Үкіметке мал шаруашылығының басқа салаларын, оның ішінде қой шаруашылығын, сондай-ақ жемазық өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етуді айрықша тапсырған.

Елбасының пікіріне мен де қосылам, ауыл шаруашылығы – материалдық өндірістің ең маңызды түрі, халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, ел тұрғындарын жұмыспен де қамтамасыз етудің бірден бір оңтайлы жолы.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылығына көрсетілетін мемлекеттік көмектің көлемін арттыру мақсатында бірнеше бағдарламаларды жүзеге асыруда, Мәселен, «Агробизнес-2020» бағдарламасының нәтижесінде мамандар Агроөнеркәсіптік кешендегі субъектілер саны 4,5 есеге көбейтпек. Бұл құжаттың басқа бағдарламаларға қарағанда ерекшелігі өте зор. Кедендік Одақты қоса алғанда, дүниежүзілік сауда ұйымына кірген күні бәсекелестіктің күшеюі салдарынан, елімізде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру міндеті тұр. Яғни, бұл бағдарламаның басты мақсаты – агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін бәсекеге қабілетті ету.




-
- Сондай-ақ 2013 жылдың ақпан айында ел үкіметі Агроөндірістік кешенді дамыту туралы бағдарламаны қабылдады. Ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруға ел қазынасынан 3 триллионнан астам теңге бөлінді. Бұл, көптеген жаңа кәсіпорындар ашуға бағытталған. Осылайша, 1,8 млн. өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған азаматтарды ауылшаруашылығы саласындағы еңбекке жұмылдыру көзделген

- Егер ауыл шаруашылығының статистикалық көрсеткіштеріне көз жүгіртетін болсақ, 2012 жылдың соңында ауыл шаруашылық өнімдері 794,4 миллиард теңгені құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 0,3 %-ға төмендеген. Ал, 2013 жылғы қаңтарда тұтастай республика бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 64659,1 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 1,4%-ға кем. Азаю мал шаруашылығы өнімдерінің 1,4%-ға, соның ішінде еттің барлық түрлері өндірісінің 1,8%-ға кемуімен түсіндіріледі. Республикада ағымдағы жылдың қаңтарында ауыл шаруашылығы өнімдер өндірісінің қысқаруы әсіресе Ақтөбе және Қостанай облыстарында байқалады. Ақтөбе облысында еттің барлық түрлері 16,9%-ға, сиыр сүтті 14,6%-ға, тауық жұмыртқасы 11,4%-ға өндірісі төмендеді. Қостанай облысында өндіріс кемуінің негізгі себебі еттің барлық түрлерінің 17,9%-ға қысқаруы болып табылады. Әрине, аталған көрсеткіштер көңіл толтырарлық емес

Осыған орай жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, алыс болашаққа көз тастаған Елбасы жаңа дәуірдің талаптарына сай болу үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясын жария етті. 2050 жылға дейін ауыл шаруашылығы мәселелері қатарында мыналар шешілсе екен дейміз:

Әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін:

- Егістік алаңын ұлғайту. Мұндай мүмкіндік барлық елдерде бірдей жоқ екенін атап өтемін.
- Егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру қажет.
- Біз әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке иеміз.
- Біз экологиялыққа баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде агроөнеркәсіптік кешеннің алдына - экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық қатысушы болу міндеті тұр.



Ауылшаруашылық қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту. Бұл - өзекті міндет. Бұл арада бізге:

- Жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет.
- Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек.



Қорытынды: Қазақстан аграрлы ел болып табылатындықтан, сыртқы нарықты да қамтамасыз етуге ресурсы мен әлеуеті жетерлік, тек Үкімет агроөнеркәсіп кешенін дамыту қызметін белсенді атқарып отырса дейміз.

Егер, аталған шаралар нәтижелі болса, 2050 жылға қарай ІЖӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы болуы тиіс деп сенеміз.